

"Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 22 мамырдағы N 143 Заңы

1-бап. "Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" 2002 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 5, 51-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1 - б а п т а :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Дипломатиялық қызметтің қызметкерлері - дипломатиялық қызмет органдарында штаттық дипломатиялық лауазымдарды атқаратын, әдетте, дипломаттық дәрежесі бар және лауазымдық өкілеттіктері мен міндеттерін дипломатиялық қызмет органдарына жүктелген міндеттер мен функцияларды іске асыру мақсатында жүзеге асыратын мемлекеттік қызметшілер.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Шет елдердегі мекемелер - Қазақстан Республикасының шет елдерде орналасқан дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктері, сондай-ақ консулдық мекемелері .";

2) 8-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

3) 9-баптың 1-тармағы "жоғары білімі бар," деген сөздерден кейін "мемлекеттік тіл мен орыс тілін еркін меңгерген және" деген сөздермен толықтырылсын;

(Ескерту. 1-баптың 3) тармақшасы 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі - осы Заңның 2-бабын қараңыз).

4) 1 5 - б а п т а :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Дипломатиялық қызметке алғаш тұрған адамдар Сыртқы істер министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінде жұмыс істегеніне бір жыл өткеннен кейін ғана, олардың кәсіби білімі мен тіл білуі ескеріле отырып, шет елдердегі мекемелерге жұмысқа ж і б е р і л у і м ү м к і н .

Шет елдердегі мекемелердегі жұмыс арасындағы кезеңде дипломатиялық қызмет персоналының Сыртқы істер министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінде жұмыс істеу мерзімі кемінде екі жылды құрауға тиіс.";

4 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктегі "жұмыскерлерінің" деген сөз "персоналының" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші бөлік ", бірақ ол бір жылдан аспауға тиіс" деген сөздермен толықтырылсын.

2-бап. Осы Заң, 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-бабының 3) тармақшасын қоспағанда, ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті